

## Жаңаарқа ауданы аумағында 2010 жылдың қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қантардағы N 1 қаулысы. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қантарда N 8-12-66 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 желтоқсандағы N 239 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 2010.12.26 N 239 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне" орай, Жаңаарқа ауданы көлемінде жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Жаңаарқа ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жаңаарқа ауданы бойынша 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын аудандарды мекеме, үйымдары және кәсіпорындарының тізбесі, жұмыс түрлері мен көлемдері, қаржыландыру көзі қосыншаға сәйкес бекітілсін.

2. Уәкілетті орган "Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Шолпан Қалуқызы Ибраеваға жұмыс берушілерімен қоғамдық жұмыстарды орындауға типтік шарт жасасын.

3. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы Амангелды Жылқыбайұлы Жылқыбаевқа, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Шолпан Қалуқызы Ибраеваға қоғамдық жұмыстарға қатысқан жұмыссыз азаматтарға айна ең төменгі енбекақы 14952 (он төрт мың тоғыз жүз елу екі) теңге көлемінде жалақы төлеу жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүргізу

ҰСЫНЫЛСЫН.

4. Жаңаарқа ауданы әкімдігінің 10 наурыз 2009 жылғы "Жаңаарқа ауданы аумағында 2009 жылдың қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 41 қаулысының (Қарағанды облысы Әділет департаменті Жаңаарқа ауданы әділет басқармасында 3 сәуір 2009 жылғы N 8-12-53 тіркелген, 11 сәуір 2009 жылғы N

19 (9314) "Жаңаарқа" газетінде ресми түрде нормативтік құқықтық акт ретінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Марат Жандаuletұлы Жандаuletовке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күшіне енеді және 2010 жылдың 5 қаңтарынан пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

X. Омаров

КЕЛІСІЛДІ:

"Жаңаарқа ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Ш. Ибраева

"Жаңаарқа ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы

А. Жылқыбаев

Жаңаарқа

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

10

қаңтардағы

N 1 қаулысына қосымша

**2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды үйымдастыратын Жаңаарқа ауданының мекемелері, үйымдары және кәсіпорындары мен жұмыс түрлерінің тізбесі**

Ретсаны	Кәсіпорындар, мекемелер және үйимдар атаулары	Адам саны	Жұмыс түрлері	Қаржыландыру көзі	Жұмыс көлемі теңге
1.	"Атасу кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	217	Кент аумақтарын және парктерді, саяжайларды тазалау, сәулеттендіру, көгалдандыру, әлеуметтік карта жасау, автомобиль жолдарын жөндеу, күрделі және ағымды құрылыш жұмыстарына, мәдени обьектілерді жөндеуге қатысу, мекемелердің қысқа дайындық, науқандық жұмыстарына, су құбырларын жөндеу жұмыстарына қатысу, тағы басқа жұмыстар	Аудандық бюджет	9733,8
2.	"Ақтау селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	448,6
3.	"Айнабұлақ селолық округі әкімінің	10	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен		448,6

	аппараты" мемлекеттік мекемесі		жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	
4.	"Ақтасты селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	269,1
5.	"Ақтүбек селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	897,1
6.	"Жұмажанов селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	224,3
7.	"Бидайық селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	448,6
8.	"Байдалы би селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	673,0
9.	"Ералиев селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	20	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	897,1
10.	"Қараағаш селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	673,0
11.	"Қызылжар кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Кенттің аумағын көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	448,6
12.	"Сейфуллин селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау	Аудандық бюджет	673,0

13.	"Түгісken селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сактау	Аудандық бюджет	673,0
14.	"Целинный селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Селолық округті көркейту, көгалдандыру, тұрғындармен жұмыс және әлеуметтік карта жасау, бос жерлерде санитарлық тазалық сактау	Аудандық бюджет	448,6
15.	"Жанаарқа ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	10	Әділет органдарында құжаттарды өндөу жұмысы (халыққа қызмет көрсету орталықтарында)	Аудандық бюджет	448,6
16.	"Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	ҚР Қарулы күштер катарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Аудандық бюджет	448,6
17.	"Аудандық білім беру, денешынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	Күрделі және ағымды жұмыстарға, мәдени объектілерді жөндеуге қатысу, қыскы науқандық жұмыстарға қатысу	Аудандық бюджет	448,6
18.	"Аудандық жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау мақсатында аула аралау, кенттің әлеуметтік картасын нақтылау, құжаттарды өндөу	Аудандық бюджет	448,6
19.	"Аудандық жер катынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	4	Тізілімдер мен хабарландыру хаттарды дайындау, мұрагатқа тапсырылатын құжаттарды өндөу	Аудандық бюджет	179,4
20.	"Аудандық медицина бірлестігі" КМҚҚ	5	Күрделі және ағымды жұмыстарға, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге қатысу, сырқаттанған адамдарды күтү, ауруларды аралау	Аудандық бюджет	228,9
21.	"Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	Ауқымды мәдени іс- шаралар жұмыстарын ұйымдастыруға қатысу (жарыстар, фестивальдар )	Аудандық бюджет	448,6
22.	"Аудандық салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	15	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мұлікке салық төлеу түбіртіктерін және хабарламаларын тарату	Аудандық бюджет	673,0
23.	"Жанаарқа ауданының орман және жануарлар әлемін қорғау	3	Маусымдық ағымды жұмыстарды жүргізу		89,7

	жөніндегі шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі			Аудандық бюджет	
24.	"Аудандық статистика бөлімі" мемлекеттік мекемесі	10	Күжаттарды тіркеу, мәліметтер жинастыру, қоғамдық жұмыстарға қатысу	Аудандық бюджет	448,6
25.	"Аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	25	Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау шарапаларына қатысу, шақыру қағазын тарату	Аудандық бюджет	1076,5
26.	МК қазақ автожолы облыстық филиалының N 43 жол пайдалану бөлімшесі	10	Автомобиль жолдарын күрделі және ағымдық жөндеу, жолдарды санитарлық тазалау	Аудандық бюджет	448,6
27.	Жаңаарқа аудандық қылмыстық атқару инспекциясы	3	Сотталғандармен тиісті деңгейде алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру	Аудандық бюджет	89,7
28.	"Жаңаарқа-жылу" КМК	10	Санитарлық тазалық сақтау, үйлердің техникалық жағдайын тексеру, жылу жүйелерін ағымды жөндеулерден өткізу	Аудандық бюджет	222,0
29.	"Тазасу" КМК	10	Санитарлық тазалық сақтау, үйлердің су құбырларын тексеру және ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізу	Аудандық бюджет	226,6
30.	"F. Жарылғапов атындағы N 12 кәсіптік мектебі" мемлекеттік мекемесі	5	Маусымдық ағымды жұмыстарды жүргізу	Аудандық бюджет	224,3
31.	"Жаңаарқа ауданының аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі	4	Мұрагатқа тапсырылатын құжаттарды өндеу, құжаттарды көбейту және тарату	Аудандық бюджет	134,7
32.	Мемлекеттік зейнетакы төлеу орталығы	5	Мұрагатқа құжаттарды реттеу, тіркеу	Аудандық бюджет	224,3
33.	"Жаңаарқа ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	Мұрагатқа тапсырылатын құжаттарды өндеу, құжаттарды көбейту және тарату	Аудандық бюджет	448,6
34.	Жаңаарқа ауданы бойынша МСЭҚД басқармасы	3	Санитарлық тазалық сақтау, құжаттарды өндеу жұмысы, құжаттардың санын толтыру мен тарату	Аудандық бюджет	89,7
	Барлығы	550	-	-	24004,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК